

## Тұрмыс сапасы индекcін есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2016 жылғы 9 қарашадағы № 260 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 8 желтоқсанда № 14494 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағы 258) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тұрмыс сапасы индекcін есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз ету:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың көшірмелерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелер мен аумақтық органдарына басшылыққа алу және жұмыста пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Қ.К. Орынханов) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2016 жылғы 9 қарашадағы  
№ 260 бұйрығымен бекітілді

## **Тұрмыс сапасы индекcін есептеу әдістемесі 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Тұрмыс сапасы индекcін есептеу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Әдістеме тұрмыс сапасы индекcі (бұдан әрі - ТСИ) есебін қалыптастырудың негізгі аспектілерін айқындайды.

3. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы бойынша тұрмыс сапасы индекcіне есептеу жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі - Комитет) мен оның аумақтық органдары қолданады.

4. Әдістеме Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі - ЭЫДҰ) ТСИ есептеу әдіснамасын ескере отырып әзірленген.

## **2-тарау. Тұрмыс сапасы индекcін өлшеу аспектілері**

5. Осы Әдістеменің тұжырымдамалық негіздерінде өлшеудің 11 аспектісі көзделген: Өмір сүрудің физикалық жағдайлары үшін:

- 1) қаржылық әл-ауқат және табыс;
- 2) жұмыс және жалақы;
- 3) тұрғын үй жағдайлары.

Тұрмыс сапасы үшін:

- 4) денсаулық жағдайы;
- 5) жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдік;
- 6) білім және дағдылар;
- 7) азаматтық құқық пен билік;
- 8) қоғамдық өзара қатынастар;
- 9) қоршаған ортаның сапасы;
- 10) жеке қауіпсіздік;
- 11) субъективті салауаттылық.

### **1-параграф. Қаржылық әл-ауқат және табыс**

6. Отбасының қаржылық әл-ауқаты отбасының қаржылық жағдайының жалпы құнынан немесе қарыздарды шегергендегі барлық қаржылық активтердің сомасынан құралады. Қаржылық әл-ауқат жинақ ақша, монетарлық алтын, валюта мен депозиттер, акциялар, бағалы қағаздар мен қарыздарды қамтиды.

Таза қаржылық әл-ауқат қаржылық міндеттемелердің барлық түрлерін шегергенде үй шаруашылықтарына тиесілі әртүрлі қаржылық активтерден тұрады.

$$ТҚӘ = \sum ҚА - \sum ҚМ,$$

(1)

мұндағы:

ТҚӘ – таза қаржылық әл-ауқат;

ҚА – қаржылық активтер;

ҚМ – қаржылық міндеттемелер.

Қаржылық активтер елеулі табыс көзі болып табылады. Табыс қаржылық активтерді сату немесе қайта қаржыландыру, сондай-ақ рента, пайыздар мен дивиденттер алу немесе мүліктен түсетін қандай да бір өзге табыстар арқылы алынады.

Жылжымайтын мүлік туралы ақпарат қолжетімсіз болған жағдайда, оның нақты бары туралы деректер ескерілмейді.

7. Үй шаруашылығы иеленетін таза түзетілген табыс еңбектен, меншіктен түсетін табысты, үй иелеріне есептелген есептік рента және үй шаруашылықтарынан алынатын әлеуметтік қамтамасыз ету қорларына төленетін тікелей салықтар мен жарналарды шегергендегі ақшалай түрдегі әлеуметтік төлемдерді, заттай нысандағы әлеуметтік трансферттерді қамтиды. Табыс өз қажеттіліктері үшін үй шаруашылығының ақылы қызметтер өндірісін іске қосатын негізгі капиталдың құнсыздану есебінсіз өлшенеді.

$$ТҚБ_{\text{үш}+\text{үшқксы}}^{\text{түзет}} = E_{\text{жалд қызм}} + (ЖТ + ЖАТ) + (ТТ + ТАТ) + НКТ - T_{\text{өндіріске}}$$

(2)

мұндағы:

$E_{\text{жалд қызм}}$

- жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысы;

$T_{\text{өндіріске}}$

- өндіріске салынатын өзге де салықтар;

$ЖП + ЖАТ$

$ЖП + ЖАТ -$

- жалпы пайда және жалпы аралас табыс;

НКТ

- негізгі капиталды тұтыну;

ТТ + ТАТ

- таза пайда және таза аралас табыс.

## 2-параграф. Жұмыс және жалақы

8. Жұмыс және жалақы төрт бағытты қамтиды:

- 1) жұмыспен қамтамасыз етілу,
- 2) жеке табыстар,
- 3) ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі,
- 4) жұмыспен қамтылу деңгейі.

9. Жұмыспен қамтамасыз етілу соңғы есепті жылы жұмыс тәжірибесі 6 айдан кем 15 жастан 63 жасқа дейінгі жалдамалы адамдар үлесімен бағаланады және төмендегі формула бойынша анықталады:

$$ЖА_{<6 \text{ ай}} = \frac{\text{жұмыспен қамтылған}_{<6 \text{ ай}}}{\text{жұмыспен қамтылған}} * 100,$$

(3)

мұндағы:

$ЖА_{<6 \text{ ай}}$

- жұмыс тәжірибесі 6 айдан кем жалдамалы адамдар үлесі, соңғы есепті жыл;

$Жұмыспен қамтылған_{<6 \text{ ай}}$

- жұмыс тәжірибесі 6 айдан кем жұмыспен қамтылғандар саны;

$Жұмыспен қамтылған$

$Жұмыспен қамтылған$  – жұмыспен қамтылған адамдардың жалпы саны.

10. Жеке табыс соңғы есепті жылы толық мөлшерлемеге жұмыс істейтін қызметкердің орташа жылдық жалақысынан есептеледі.

$$Таб_{\text{жеке}} = \frac{ЖҚҚ-ТП}{\text{Саны}_{\text{жал}}},$$

(4)

мұндағы:

$Таб_{\text{жеке}}$

$Таб_{\text{жеке}}$

$Таб_{\text{жеке}}$  – жеке табыстар;

$ЖҚК_{(ҮШҚКСҰ)+(ҮШ)}$  – жалпы қосылған құн;

ТП – таза пайда және таза аралас табыс;

$Саны_{жал}$

- халық саны.

11. Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі жұмыс істемейтін, бірақ бір жылдан артық жұмыс іздеумен белсене айналысқан 15 жастан 63 жасқа дейінгі адамдардың пайыздық арақатынасы ретінде анықталады.

$$ҰЖД = \frac{Ж_{15-63}}{АС_{15-63}} * 100,$$

(5)

мұндағы:

ҰЖД

- ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі;

$Ж_{15-63}$

$Ж_{15-63}$  - есепті жылғы 15 жастан 63 жасқа дейінгі жұмыссыз адамдар саны;

$ХС_{15-63}$

$ХС_{15-63}$  - есепті жылғы 15 жастан 63 жасқа дейінгі адамдардың жалпы саны.

12. Жұмыспен қамтылу деңгейі қазіргі уақытта ақы төленетін жұмысы бар 15 жастан 63 жасқа дейінгі адамдардың пайыздық арақатынасы ретінде анықталады, соңғы есепті жыл.

$$ЖҚД = \frac{ЖҚ_{15-63}}{ХС_{15-63}} * 100,$$

(6)

мұндағы:

ЖҚД

$ЖҚД$  - жұмыспен қамтылғандар деңгейі;

$ЖҚ_{15-63}$

$ЖҚ_{15-63}$  - есепті жылғы 15 жастан 63 жасқа дейінгі жұмыспен қамтылған

адамдар саны;

$АС_{15-63}$  - есепті жылғы 15 жастан 63 жасқа дейінгі адамдардың жалпы саны.

### 3-параграф. Тұрғын үй жағдайлары

13. Адамның материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тиісті деңгейдегі тұрғын үйдің болуы ең жоғары басымдық болып табылады. Тұрғын үй көптеген отбасылардың шығыстар бабының ірі компоненті және адамдардың негізі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін орталық компонент болып табылады. Бұл аспект үш бағытты қамтиды:

- 1) тұрғын үйге жұмсалатын шығыстар,
- 2) негізгі коммуналдық қолайлылықтары бар тұрғын үй,
- 3) бір адамға бөлмелер саны.

14. Тұрғын үйге жұмсалатын шығыстар жалға алу, газға, электрге, суға төлем жасауды, жиһаз бен жөндеуге жұмсалатын шығыстарды қоса алғанда отбасы бюджеті ең үлкен үлесін құрайды. Салықтарды төлегеннен кейін тұрғын үйге жұмсалатын шығыстар мен таза түзетілген табыстың арақатынасы, соңғы есепті жыл:

$$TУ_{шығ} = \frac{Ш_{тұрғын үйді ұстау}}{T_{таза түзетілген табыс}}$$

(7)

мұндағы:

$$\frac{TУ_{шығ}}{TУ_{шығ}}$$

- тұрғын үйге шығыстар үлесі;

$$Ш_{тұрғын үйді ұстау}$$

- тұрғын үйді ұстауға жұмсалған шығыстар;

$$T_{таза түзетілген}$$

- таза түзетілген табыс.

15. Коммуналдық қолайлылыққа қолжетімдік соңғы есепті жылы орталық жүйеден кәріз тартылған дәретханасы бар адамдардың пайыздық арақатынасымен анықталады.

16. Тұру жағдайларын тұрғын жайдағы бөлмелер санын онда тұратын адамдар санына бөлгендегі көрсеткіш сипаттайды:

$$БАБ = \frac{TЖБС}{ТТС}$$

(8)

мұндағы:

БАБ - бір адамға бөлме;

ТЖБС - тұрғын жайдағы бөлмелер саны;

ТТС - тұрғын жайда тұратындар саны.

#### **4-параграф. Денсаулық жағдайы**

17. Толық құқылы азаматтар ретінде қоғамдық өмірге қатысу, басқа адамдармен араласу, орта және жоғары білім алу үшін жақсы жұмыс пен жеткілікті табыстың болуы сияқты әл-ауқаттың өзге де компоненттеріне қол жеткізу үшін денсаулық жағдайы маңызды рөл атқарады. Бұл аспект екі бағытты қамтиды:

- 1) денсаулық жағдайына өз-өзіне баға беру;
- 2) өмір сүру ұзақтығы.

18. Денсаулық жағдайына қанағаттанушылық көрсеткіші жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар деректері негізінде қалыптастырылады.

19. Халықтың туған кездегі өмір сүруінің болжамды ұзақтығы жеке индивидумның емес, тұтастай халықтың өмір сүру ұзақтығын сипаттайды.

#### **5-параграф. Жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдік**

20. Жұмыс міндеттемелері мен жеке өмір арасындағы дұрыс тепе-теңдік адамдардың салауаттылығын қамтамасыз етуде орталық компонент болып табылады. Үлкен жұмыс көлемі денсаулық жағдайының нашарлауы, жеке өмірдегі шектеулер, балаларға және өзге де туыстарға күтім жасау қызметіне кедергі келтіру бос уақыт тапшылығының салдары салауаттылыққа жағымсыз жанама әсер етеді. Аталған аспект:

- 1) демалысқа және өзіңе күтім жасауға арналған уақытты;
- 2) жұмысқа көп уақытын арнайтын қызметкерлерді сипаттайды.

21. Аптасына 50 сағаттан артық төлем үшін жұмыс істейтін қызметкерлер үлесі келесі формула бойынша анықталады:

$$ҚС_{50с<}$$
$$ҚҮ_{50с<} = \frac{ЖҚХ}{ҚС_{50с<}} * 100, (9)$$
$$ЖҚХ$$

мұндағы:

ҚҮ<sub>50с<</sub> - аптасына 50 сағаттан артық жұмыспен қамтылған қызметкерлердің үлесі;

ҚС<sub>50с<</sub> - аптасына 50 сағаттан артық жұмыспен қамтылған қызметкерлер саны;

ЖҚХ - жұмыспен қамтылған халық.

#### **6-параграф. Білім және дағдылар**

22. ТСИ есептеуде қолданылатын білім нәтижелерінің көрсеткіштері ересек халықтың білім деңгейіне және 15 жасар оқушылардың сауаттылығына жатады. Аталған аспект үш бағытты қамтиды:

1) білім алу үшін жылдар саны;

2) математика, нақты ғылымдар және оқу сапасы саласындағы студенттердің (оқушылардың) білімі;

3) ересек халықтың білім деңгейі.

23. Білімнің орташа ұзақтығы (бес жастан бастап) келесі формула бойынша анықталады:

$$Y_{\text{білім}} = \text{МДБ} + \text{ББ} + \text{ОБ} + \text{ЖБ}$$

(10)

мұндағы:

$Y_{\text{білім}}$

$Y_{\text{білім}}$  - білімнің орташа ұзақтығы;

*МДБ*

МДБ - мектепке дейінгі білім;

*ББ*

ББ - бастауыш білім;

*ОБ*

ОБ - орта білім;

ЖБ - жоғары білім.

24. 15 жасар оқушылар өздерінің жеке мақсаттарына жету үшін жазбаша мәтіндерді түсіну, пайдалану, ойлау және ол мәтіндермен жұмыс істей білуі, білім мен әлеуетін дамыту қабілеті. Бұл көрсеткіш оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша ЭЫҰД халықаралық бағдарламасынан алынған, мұнда оқуға негізгі назар бөлінген.

$M_c + J_c + O_c$

$$\text{БілімСО} = \frac{\text{-----}}{3}, (11)$$

3

мұндағы:

БілімСО - студенттердің/оқушылардың білімі;

$M_c$  - математикалық сауаттылық;

$J_c$  - жаратылыстану ғылымдары сауаттылығы;

$O_c$  - оқырмандық сауаттылық.



25. Ересек халықтың білім деңгейі ресми білім беру мамандықтарының көмегімен өлшенеді және ЭЫҰД жіктелімі – білім берудің халықаралық стандартты жіктеліміне сәйкес кемінде орта мектептің жоғары сыныптарын аяқтаған ересек халықтың үлесі (25-тен 64 жасқа дейін) ретінде анықталады.

### **7-параграф. Азаматтық құқық пен билік**

26. Төменде берілген азаматтық құқықтар мен билік бойынша басты көрсеткіштер сайлаушылардың белсенділігі мен формальды және ашық консультативтік үдерістердің болуына жатады. Аталған аспект екі бағытты қамтиды:

- 1) биліктің айқындылық деңгейі;
- 2) сайлаушылардың белсенділігі.

27. Биліктің айқындылық деңгейі туралы көрсеткіш биліктің ашықтығы мен айқындылығына қатысты әртүрлі ақпарат көздерін қосатын композиттік индекс болып табылады.

28. Сайлаушылардың белсенділік көрсеткіші ұлттық сайлауларға қатысу дәрежесін өлшейді. Сайлауға қатысу үшін тіркелген тұрғындардың берген дауыс саны сайлаушылардың белсенділігін анықтайды. Дауыс беруге қатысу құқығын беретін жасқа жеткен тұрғындарға 18 жастағы және одан асқан адамдар, тіркелген тұрғындарға сайлаушылар тізімінде көрсетілген тұлғалар жатады. Берілген дауыстарды ұлттық сайлау комиссиялары жинайды.

### **8-параграф. Қоғамдық өзара қатынастар**

29. Қоғамдық өзара қатынастар немесе әлеуметтік байланыстар адамның әл-ауқатын айқындайтын маңызды фактор болып табылады. Басқа адамдармен бірлесе (отбасының, достар мен әріптестердің ортасында) уақыт өткізу көбірек қанағаттандырады. Қажет болған жағдайда әлеуметтік байланыстар материалдық және эмоциялық қолдауды білдіреді. Осы аспект басқа адамдармен араласу жиілігін және қарым қатынас шеңберінің аясында материалдық емес қолдауды сипаттайды.

Әлеуметтік байланыстар көрсеткіштеріне:

- 1) туыстарымен немесе достарымен аптасына кемінде бір рет қатынасатынын/ кездесетінін мәлімдеген респонденттер үлесі;
- 2) достары немесе туыстары бар адамдардың пайыздық арақатынасы жатады.

### **9-параграф. Қоршаған орта сапасы**

30. Ластаушы заттардың адам денсаулығына әсері маңызды және қоршаған ортаның сапасы халықтың тұрмыс сапасының шешуші компоненті болып табылады. Бұл аспект екі бағытты қамтиды:

- 1) судың сапасы;
- 2) ауаның ластанушылық деңгейі.

31. Жергілікті судың сапасына өздерінің қанағаттанушылығы туралы хабарлайтын адамдардың пайыздық арақатынасы арқылы судың сапасы анықталады.

32. Ауаның ластану деңгейі көрсеткіші ауадағы ұсақ бөлшектердің шоғырлануын ( текше метрге микрограммен өлшенеді) көрсететін, халық саны бойынша салмақталған орташа көрсеткіш ретінде көрсетіледі. Ауаның сапасына уақыт, кеңістік және химиялық заттар сияқты факторлардың әсерінен түрленетін ластаушы заттардың күрделі қоспасы себепші болатындықтан ауаның ластану деңгейін өлшеу күрделі үдеріс болып табылады.

Хал/саны > 100 мың, адам

АЛД = ----- \* ӨБОШ, (12)

БС

мұндағы:

АЛД - ауаның ластану деңгейі;

Хал/саны > 100 мың адам – 100 мың адамнан астам халқы бар жекелеген елді мекендердің саны;

БС сол елді мекен – 100 мың адамнан астам халқы бар сол елді мекендердің барлық саны.

ӨБОШ

ӨБОШ

- осы қалалардың өлшенген бөлшектерінің (PM 10) орташа шоғырлануы.

## 10-параграф. Жеке қауіпсіздік

33. Жеке қауіпсіздік – бұл адамның әл-ауқаты мен қылмыс құрбанына айналу тәуекелінің маңызды құрамдас бөлігі тұтас қоғамның жеке қауіпсіздігін қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Қылмыс өлімге немесе мүлікті жоғалтуға, сондай-ақ тұла бойының ауыруына, жарақаттан кейінгі стресс немесе қорқыныш сезіміне әкеп соғады. Адамның әл-ауқатына жасалған қылмыс ең қатты әсерінің бірі оның әлсіздік сезімінің дамуы болып табылады. Әл-ауқатты өлшеудің осы аспектісі:

1) халықтың 100 000 адамына шаққанда тіркелген қасақана кісі өлтірулер саны;

2) соңғы 12 ай ішінде шабуылдардың құрбандары болғандығы туралы мәлімдеген адамдардың пайызы көрсеткіштерімен ұсынылған.

## 11-параграф. Субъективті салауаттылық

34. Өмірге қанағаттанушылық көрсеткіштері адамдар өмірінің объективті жағдайлары мен сол жағдайларды олардың өзіндік бағалауы арасындағы алшақтықты түсінуге мүмкіндік береді. Бұл аспект бір бағытты - өмірге қанағаттанушылықты қамтиды.

35. Субъективті салауаттылық көрсеткіші сұрау жүргізілген халықтың өмірге жалпы қанағаттанушылығын көрсетеді.

### 3-тарау. Тұрмыс сапасының жалпылама индексін есептеу

36. ТСИ жалпылама көрсеткішін есептеу келесі формулада көрсетілген:

$$\begin{aligned}
 \text{ТСИ} = & (\text{ТКӨ} + \text{ТКБ} + \text{Түзет. ұлт-ұлтқау}) * X_1 + (\text{ЖК} < 6 \text{ ай} + \text{Жалақы жеке} + \text{ҰМЖД} + \text{ЖҚД}) \\
 & * X_2 + (\text{ТҮ} + \text{ТҮОҒЫН ҮЙ ШАРҒЫНДАУ} + \text{КК} + \text{БАБС}) * X_3 + (\text{ДЖҚ} + \text{ӨСҰ}) * X_4 + (\text{ДАУ} + \text{КҮ}) \\
 & * X_5 + (\text{Ұ} + \text{Білім С/О+ЕТБД}) * X_6 + (\text{БАД} + \text{СБ}) * X_7 + (\text{КЖС}) * X_8 + \\
 & (\text{СС} + \text{АЛД}) * X_9 + (\text{ӨД} + \text{ШС}) * X_{10} + (\text{ӨҚ}) * X_{11}
 \end{aligned}$$

(13)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК